

## Белое озеро селосының көшелерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы Петровка селолық округі әкімінің 2009 жылғы 30 маусымдағы № 8 шешімі. Ақмола облысы Шортанды ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 13 шілдеде № 1-18-75 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі туралы» 2001 жылдың 23 қаңтарындағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылыс туралы» 1993 жылдың 8 желтоқсанындағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес Шортанды ауданының тілдер саясаты және ономастика жөніндегі комиссиясының 2009 жылдың 17 сәуірдегі № 3 шешімі негізінде, Белое озеро селосы тұрғындарының пікірі есебімен, Петровка селолық округінің әкімі

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

*Ескерту. Қіріспеге өзгерту енгізілді - Ақмола облысы Шортанды ауданы Петровка селолық округі әкімінің 2009.10.11 № 8 шешімімен.*

1. Белое Озеро селосының көшелерінің атаулары қайта аталсын:  
Целинная көшесі - Достық көшесіне;  
Дорожная көшесі - Бірлік көшесіне.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім Шортанды ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі

**КЕЛІСІЛДІ:**

*Петровка селолық*  
В.Шимков

мекемесінің бастығы

*Шортанды ауданының*  
*«Мәдениет және тілдерді*  
*дамыту бөлімі» мемлекеттік*  
Т.Бартош